www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń “Altyn Juldyz”, Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, “Altyn júrek” syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№10 /sársenbi/ 08 naýryz




# ҚОС ЕЛДІ ПРЕЗИДЕНТІ ШЫМКЕНТТЕ КЕЗДЕСТІ



**Мемлекет басшысы Шымкент қаласында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен бейресми кездесу өткізді.**

Қазақстан мен Өзбекстан президенттері екі ел арасындағы одақтастық қатынастардың қазіргі жағдайын және оны нығайту перспективаларын өзара сенім, достық және тату көршілік рухында қарастырды.

Тараптар Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр желтоқсан айында Ташкентке жасаған мемлекеттік сапарының қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысын талқылады.

Екі ел басшылары сауда-экономикалық ынтымақтастық мәселелеріне ерекше назар аударды. Атап айтқанда, өзара тауар айналымын арттыру, инвестиция тарту, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы қарым-қатынастарды дамыту перспективалары туралы сөз болды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

**Ақорда.**

## Құрметті ханымдар!

*Сіздерді жаймашуақ көктемнің алғашқы күндерімен қатар келетін сұлулық мерекесі – 8 наурыз мейрамымен құттықтаймыз! Тіршіліктің тұтқасына айналған нәзікжандылар сұлулық пен сүйкімділіктің шынайы үлгісі болып қала беріңіздер. Шаңырақта да, шаруада да бақытты болыңыз! Сізге бақ-береке мен отбасылық жайлылық, барлық бастамаларыңызға сәттілік.*

*Бағзы заманда жауға қайсарлығымен қарсы тұрған, бүгінде ер азаматтармен иық тірестіре жұмыс жасап жүрген нәзікжандылар - ауыр жүкті қаймықпай көтеріп, отбасының ұйытқысы, шырақшысы атанып отыр.*

*Өмір әрқашан гүлденген гүлдердің хош иісіне, жақсы істердің жемістеріне және сыртқы әлеммен үйлесімділікке толы болсын. Өмірде бақыт, береке және сәттілік қатар жүрсін!*

*Көктемнің шұғылалы күні жүрекке жылу, жүздеріңізді күлкіге бөлесін! Керемет мерекеде отбасылық жайлылық, өзара татулық, өркендеу жолында өмірге деген сүйіспеншілік тілейміз! Әрқашан бақытты, жас, табысты, сүйкімді және сүйікті болыңыздар!*

# ЖҰМАНҒАРИН КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Премьер-Министрдің орынбасары – сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин 2023 жылғы 2 наурызда Шымкент қаласының тұрғындары мен кәсіпкерлерімен кездесу өткізді.

Бұл шымкенттіктермен соңғы жарты жылдағы екінші кездесу, бірінші кездесуде бизнес өкілдер олардың бизнесінің толыққанды дамуына кедергі келтіретін көптеген маңызды мәселелер көтерді.

Бұл жолы Серік Жұманғарин Үкіметтің халық пен кәсіпкерлерді қолдау аясындағы шаралары туралы хабардар етумен қатар, қарашадағы бірінші кездесуде айтылған мәселелер бойынша жұмыстың іске асырылуы барысы туралы есеп берді.

Шешілгендердің ішінде – өңірлерде жиі көтерілетін мәселе жүн мен тері экспортына кедендік жеңілдіктер туралы.

«Бұл мәселе әртүрлі өңірлерде, ШҚО-да, Астанада қой шаруашылығымен айналысушылармен кездескен кезде бірнеше рет көтерілді», - деп атап өтті Серік Жұманғарин.




Жақында ол бойынша шешім қабылданды: 22 ақпанда ведомствоаралық комиссияның отырысында жүнге ЭКБ нөлдік мөлшерлемесін ұзарту мәселесі мақұлданды. Республикалық бюджет комиссиясының оң қорытындысын алғаннан кейін СИМ өздеріне қатысты кедендік әкету баждары қолданылатын тауарлардың тізбесіне өзгерістер енгізу бойынша барлық қажетті рәсімдерді жүргізеді.

Жұмыста тағы бір маңызды мәселе - жергілікті қамту үлесі бөлігінде “Самұрық-Қазына” қорының мемлекеттік органдары мен компаниялары сатып алған жеңіл өнеркәсіп тауарларына CT-KZ тауарларының шығу сертификаттарының болуы. Бұл мәселемен СИМ Техникалық реттеу және метрология комитеті айналысады. Комитет Қордың сатып алуларына талдау жүргізіп, ықтимал сәйкессіздіктерді анықтап, оларды жою жөніндегі шараларды қормен пысықтап жатыр.

Өткен жылдың қараша айында оңтүстік өңірлердің кәсіпкерлері Еуропа елдеріне өнім экспорттау үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының еурокодты аккредиттеу және алу процесін жеделдетуді сұрады. Серік Жұманғарин ауыл шаруашылығы министрлігі бұл мәселемен өте тығыз айналысатынын түсіндірді. Жақында Брюссельге сапары аясында Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев пен «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы” АҚ Бас директорының орынбасары Әсел Егембердиева еуропалық комиссарлармен кездесті. Келіссөздер нәтижесінде биыл 15 наурызда ресми түрде балық жеткізушілердің тізімін жаңартуға қол жеткізілді. Франция мен Швейцариямен қазақстандық балық өнімдерін сатып алуға коммерциялық уағдаластықтар қолда бар. Қазіргі таңда балық шаруашылығы өндірушілердің аудит жұмыстары аяқталуда. Бұл шара бал, сүт ет өнімін өндіретін экспортерлерін реестрге енгізу жұмыстарын бастауға ықпал етпек.

Екінші кездесу барысында қала тұрғындары мен кәсіпкерлері астық тасымалдау, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау, Қазақстанның батыс немесе шығыс өңірлеріне тауарларды жеткізу үшін оңтүстік өңірлер өндірушілерінің көлік шығыстарын субсидиялау мүмкіндігі, ел ішіндегі қазақстандық тоқыма бұйымдарының бәсекеге қабілеттілігі және т.б. мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, “Отан-Агро” ЖШС басшысы Берік Орынтаев жылыжайларды субсидиялау мәселесін көтерді.

«Бүгінде республиканың өнеркәсіптік жылыжайларының негізгі үлесі Шымкентте шоғырланған. Маусымаралық кезеңде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жылыжай шаруашылықтарының жағдайын нашарлатады. Коммуналдық қызметтер үшін жылыжай төлемдерінің 50% субсидиялауға бола ма?»,- деп сұрады ол.

Серік Жұманғарин Үкіметтің жылыжай шаруашылықтарын қолдау шаралары жөніндегі жұмысы туралы айтып берді.

- Ақпан айында мен Түркістан облысының Сарыағаш және Мақтаарал аудандарында болдым, қыста қалыптан тыс суық ауа райы және қардың көп болып түсуі, көмірдің жетіспеушілігінен жылыжайлар зардап шекті. - Өңірде 2 миллионнан астам адам тұрады және мемлекеттің басты міндеті - өндірістерді, жаңа жұмыс орындарын дамыту үшін барынша жағдай жасау. Жылыжай шаруашылықтарын қолдауға субсидиялар бөлу туралы шешім қабылданды. Қазір жылыжайлар үшін ұлттық стандарт әзірленуде, ол бекітілгеннен кейін жылыжай шаруашылықтарына субсидиялар бөлу мүмкіндігі үшін заңнамаға өзгерістер енгізілетін болады. Көмір бойынша жақында Шұбаркөл көмір қорының басшылығымен жылыжайларға көмірді тікелей биржа арқылы, дилерлердің көмегімен сату мүмкіндігі бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді. Сондықтан бұл мәселе жақын арада шешіледі деп ойлаймын.

Бизнес-қоғамдастықпен кездесуден кейін Серік Жұманғарин азаматтарды жеке қабылдап, БАҚ үшін брифинг өткізді.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# «ШЕШІЛМЕЙТІН МӘСЕЛЕ ЖОҚ, ОНЫ ШЕШЕ АЛМАЙТЫН АДАМДАР БАР»




Дәл осы ұстаныммен № 4 сайлау округі бойынша Шымкент қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат Жолдасбек Жанбуршынның мақсаты айқын. Ол шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуына «кабинетте» отырып емес, өзгерістердің ортасында жүріп, үлес қоссам дейді. Үлес қосуды құр сөз, уәде берумен емес, елге пайдасы тиер тірлікпен айналысып, еселі еңбектің жемісін көрсету арқылы жүзеге асыруды көздейді. Жанбуршын Жолдасбек Лесұлы 1965 жылы 29 маусымда Бәйдібек ауданы, Шалдар совхозында қарапайым, көпбалалы отбасында дүниеге келген. Аталған ауылдағы «Абай» жалпы орта мектебінде білім алып шықты. 1983-1985 жылдар аралығында Отан алдындағы борышын өтеп болған соң, 1986-1990 жылдары Шымкент қаласы «домостроительный комбинатта» құрылысшы болып жұмыс істейді. 1992 жылы отбасын құрып, бүгінде екі ұлдың әкесі. 1992-1995 жылдары Шымкент совхоз техникумының «Ауыл шаруашылығын мамандандыру» мамандығын бітіріп шығады. 1995 жылдан қазіргі таңға дейін жүргізуші болып жұмыс істеп келеді. Қазір Шымкент қаласының «Нұршуақ» елді мекенінің тұрғыны. Ауыл биі. Шаһарға қосылған жаңа шағын аудан құрылғалы Жолдасбек Лесұлы тұрғындардың отбасылық, тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларын жақсартуға атсалысуда. Атап айтар болсақ, елді мекеннің жағдайын жақсартуға, көшелерге тас төсету, асфальт салғызу, жарық жүргізу, газ орнату, су құбырларын тартқызу, автобус қатынату, қауіпсіз жол белгілерін қойдырудағы мақсатты істерін халық біледі. Бүгінде тұрғындармен бірлесе жұмыс істегеннің нәтижесін көріп отыр. Бұл жұмыстарды атқару барысында халықты ұйымдастырып, жоғарғы тиісті мекемелерге, қала әкімдігінің қабылдауында бірнеше реттен барып, халықты қажеттіліктеріне қол жеткізе білді. Ягни Жолдасбек Жанбуршынның қаланың жанашыр азаматы ретінде биліктегілердің уәдесі алынып, нәтижелері орындалды. Депутаттыққа үміткер бұл саяси науқанға қатысуды үлкен жауапкершілік деп түсінеді. Халықтың әлеуеті мен өмір сүру сапасының артуына өз үлесін қосуды азаматтық парызым деп санайды. Биылғы сайлау қаланың экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық дамуы тұрғысының жаңа сапалық өзгерістеріне жетелейтін үлкен мүмкіндік.

## Кандидат Жолдасбек Жанбуршынның сайлауалды бағдарламасы:

**1.**Күн тәртібінен түспейтін халықтың тұрмыстық, отбасылық, құндылық, экономикалық, әлеуметтік жағдайлары. Бұның ішінде ардагерлер, зейнеткерлер, батыр аналар, көпбалалы отбасылар, тұрмысы төмен мұқтаж жандар, баспанасыз азаматтар, қорғаншылық қамқоршылықтағы отбасылар, асыраушысынан айырылғандар, жартылай жетім, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, бәрінің тұрмыстық-әлеуметтік, күн көрістік мәселелерін анықтай отырып, халық, демеушілер, билік орындары арқылы қажетті жұмыстарды атқару;

2.Билік басшылары мен сайланған депутаттардың халықпен байланысын жандандыру, тұрақтандыру, тоқсан сайын халықпен дидарласып, қажетті қиындықтарын шешіп беру;

3.Сондай-ақ мектепке дейінгі білім тәрбие орталықтары, мектептердің салынуына ықпал ету;

4. Дана халық «Баланды тәрбиелей алмасаң, дана кәриелерді аптасына бір шақырып, әңгіме дүкен ұйымдастырып, тізесіне отырғызып қой» деген. Сол себептен мөлтекауданда белсенді ақылман қариялар, іскер ағалар, қадірлі ата-аналар т.б. ұйымдар құру;

5.Азаматтардың олардың отбасындағы бала шағасына өз басына беріп жатқан тәрбиесі, тек материалдық құндылық, баю, ашкөздік, жеке бас отбасы ерекшелігіне баса мән беру

6. Осы және өзге де қоғамда болып жатқан жемқорлық әрекеттері, халықпен санаспаушылық, күн сайын болып жатқан көріністер, жаңалықтар, жобалар т.б бірігіп күресу;

20 жылдан астам қарапайым жүргізуші болып жұмыс істейтін Жолдасбек Жанбуршын халыққа көмектесуден алдына жан салмайды. Тіпті, жағдайы төмен, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға азық-түлік, керек-жарағын әперіп, қайырымдылықпен де айналысады. Мақсаты мансап қуып, қызметтің кілтін ашу емес, елмен бірге етене араласып, халықпен тығыз қарым-қатынаста әлеуетті көтеру. Елдің еңсесін тіктеп, әл-ауқатын арттыруға жұмыс жасайды деп сенеміз. Тұрғындардың талап-тілегін тілге тиек етіп, билік пен халықтың таразысын теңестірудіқалайды. Мәслихат ол үлкен қаланың тағдыры таразыға түсіп, терең талданатын алаң. Сол себептен Жолдасбек Жанбуршынның депутаттық түсудегі мақсаты да осы. Сайлауға қатысу арқылы елді дамытуға, өркендетуге аянбай тер төгетін кәсіби, бастамашыл азамат ретінде бар күш-жігер мен қабілетін сарп ету бағытында қызмет атқаратын болады. «Ел үшін аянба ерлігіне сын, Жұрт үшін аянба жігіттігіңе сын» деп, Бауыржан Момышұлы айтқандай, бұл саяси додада бақ сынайтын Жолдасбек Лесұлы болашақта халықтың ұйымшылдығы мен сенімінен шығып, депутат болып сайланса, аталған жұмыстарды халықтың келешегі, мақсат мүддесі үшін атқарып, жүзеге асырады. Елдің сенімін арқалап, халық пен мінбер арасында көпір болып, қоғамның өзекті де өткір мәселелерінің оңтайлы шешілуіне ықпал жасау мақсатында №4 сайлау округіне барып, Жолдасбек Жанбуршынға дауыс беріңіз!

**Абдулла ОСПАНҚҰЛОВ.**

Шымкент қаласы мәлихатының депутаттығына үміткер Ж.Жанбуршын.
Шымкент қаласы Аумақтық Сайлау комиссиясының қорынан төленді.

## Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығы қалай тойланады?

**Өткен аптада Үкіметте Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің төрағалығымен Бейбарыс сұлтанның 800 жылдық мерейтойын тойлау жөніндегі жұмыс тобының бірінші отырысы өтті, деп хабарлайды ҚР Мәдениет және спорт министрінің баспасөз қызметі.**

**Кеңеске мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, Парламент Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп, ғылым және жоғары білім, ақпарат және қоғамдық даму, оқу-ағарту, сыртқы істер вице-министрлері және Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстар әкімдерінің орынбасарлары, ЖОО ректорлары, тарихшы-ғалымдар, Жазушылар Одағы, шығармашылық зиялы қауым өкілдері және т. б. қатысты.**

**Отырыста Бейбарыс сұлтанның 800 жылдық мерейтойын атап өту жөніндегі іс-шаралар жоспары талқыланып, бірауыздан бекітілді.**

**Мерейтой аясында 500-ден астам іс-шара өткізу жоспарлануда, олардың 50-ге жуығы халықаралық және ұлттық деңгейде өтеді. Бұл іс-шаралар ұлы батырдың мұрасын мәдени-танымдық және ағартушылық бағыттарда насихаттауды көздейді.**

**Мәселен, Каир қаласында Бейбарыс сұлтанның мешітінің салтанатты ашылуы, Қазақстанның Мысырдағы мәдениет күндері, Түркістан облыстық Ш.Қалдаяқова атындағы филармониясының, «Сүгір» ұлттық аспаптық оркестрінің концерті өтеді.**

**Сондай-ақ ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымымен бірлесіп Түркітілдес елдердің ақын-жазушыларының шығармашылық жарысын (мүшайра), Каир қаласынан Түркістанға ислам өнері мұражайы қорынан «Мәмлүктер дәуірі» жылжымалы көрмесін өткізу жоспарланып отыр.**

**Кеңес барысында Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгінов біздің құндылықтарымызды құрметтеу, әл-Фараби, Абай, Бейбарыс сұлтан сияқты алып тұлғалардың ұлы істерін дәріптеу ұрпақтар алдындағы ортақ парыз екенін атап өтті.**

**Астана.**

## Екі ел арасындағы рейстер саны 2,5 есеге артты



Мемлекет басшысының бағыттар желісін кеңейту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында 2023 жылғы 2 наурызда Ташкент қаласында Қазақстан мен Өзбекстанның авиациялық билік органдарының келіссөздері өтті, деп хабарлайды ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Республикасының делегациясын ҚР ИИДМ Азаматтық авиация комитетінің төрағасы Талгат Ластаев, Өзбекстан Республикасының делегациясын Көлік министрінің орынбасары Жасұрбек Хориев басқарды.

Келіссөздер барысында тараптар рейстер санын одан әрі арттыру және ұшу географиясын кеңейту мәселелерін талқылады.

Тараптар Астана – Ташкент бағыттары бойынша рұқсат етілген рейстер санын аптасына 12–ден 36 рейске дейін (өсім 80%) және Алматы-Ташкент бағыттары бойынша аптасына 20-дан 36 рейске дейін (өсім 200%), ал қалған бағыттар бойынша аптасына 4 рейске дейін екі еседен астам ұлғайтуға уағдаласты.

Осылайша, қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде ағымдағы жылдың көктемгі-жазғы кезеңінен бастап "Эйр Астана" және "Uzbekistan Airways" әуе компаниялары Алматы – Ташкент бағыты бойынша жиіліктер санын аптасына 14–тен 20 рейске дейін және Астана-Ташкент бағыты бойынша аптасына 6-дан 12 рейске дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, бәсекелестікті және сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ авиабилеттердің құнын төмендету мақсатында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы барлық шарттық бағыттар бойынша әуе тасымалдаушыларды бірнеше рет тағайындау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақстандық әуе тасымалдаушылар Самарқанд, Ферғана, Бұхара және Қарши қалаларына тікелей тұрақты рейстер ашуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, тараптар ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Тараптар өңірлік авиациялық қауіпсіздік пен ұшу қауіпсіздігін арттыру үшін ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды жалғастыруға келісті.

**Ташкент.**

# ДЕПУТАТ ХАЛЫҚТЫҢ ҚЫЗМЕТШІСІ БОЛУЫ ТИІС!

***Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бағытын қамтыған Жарлыққа қол қойғалы бері, елімізде нәзік жандылар саясатта жаңа қырынан көріне бастады. Мәселен, биылғы жылдың сайлауында депутат болуға үмітті әйел азаматшалары аз емес. Солардың қатарынан Шымкент қаласы мәслихатының депутаттығына үміткер – Пернеева Ақлима Ертайқызы бар. 1979 жылдың 17 наурызы күні Түркістан облысы, Төлеби ауданына қарасты Қасқасу ауылында дүниеге келген. Көп балалы қарапайым отбасынан шыққан Ақлима Ертайқызы «Бексейіт Түлкиев» атындағы мектепте білім алған. Екі бірдей жоғарғы білімі бар.***

***Халқымызда: «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген аталы сөз бар. Бұл тәмсілдің мағынасы: әйел тек отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар, еліміздің барлық салаларында ер азаматтармен иық тірестіріп жұмыс жасайтын қоғамның қозғаушы күші дегенді білдірсе керек-ті. Сөзіміздің айғағы ретінде Шымкент қаласы мәслихатының депутаттығына №16 сайлау округінен кандидат болып тіркелген Пернееваны айтуға келеді. Төрт баланың анасы үйде асыл ана, аяулы жар.***

***Көп балалы ана қазіргі таңда «Ұлы Көш» қоғамдық қайырымдылық қорының жетекшісі. Әр түрлі салада жұмыс атқарған еңбекқор. Жерлестерінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, мәселесін жиі көтеріп жүретін азаматша мандат тағып, жұмыс істеуді мақсат еткен. Еліміздің үшінші мегаполисінде туындайтын жағдайларды билікке депутат ретінде жеткізем деп бел буып отыр.***



## Аклима Ертайқызының сайлауалды бағдарламасы.

Ақлима Пернеева: Педагогика саласында екі жоғары білімім бар, көп балалы анамын. Саналы ғұмырымда бала тәрбиесімен бірге түрлі салаларда еңбек етіп, қоғамдық жұмысты қатар алып келемін. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер мен БАҚтарда қоғамның жан – айқайын билікке жеткізіп, оң шешімін табуына ықпал еттім. 2019 жылдан бері президент, сенат, әкімдер сайлауында байқаушы болып, заңның үстемдігін талап етіп, әділ сайлау өткізуге өз үлесімді қосып келемін. 2022 жылы Республика аумағын қамтыған «Қаңтар» көтерілісіне қатысып, наразы халықтың жан – айқайын билікке жеткіздік. Сонымен қатар, «Оңтүстіктен Солтүстікке көшу» бағдарламасы бойынша бірнеше отбасыны Солтүстікке қоныстануына ықпал еттім. Осы бағдарлама мен Көші - қонның аясын кеңейту мақсатында 2022 жылы «ҰЛЫ КӨШ» қоғамдық қайырымдылық қорын мемлекеттік тіркеуден өткіздім. Қазіргі таңда осы қордың жетекшісімін және «байқаушылар» мектебін қалыптастыру жолында жұмыс жасаудамын.

Мәслихат депутаттығына өз кандидатурамды ұсынған себебім: осы күнге дейінгі «халық қалаулысы» болған азаматтардың халықпен тығыз жұмыс жасай алмауы және жауапкершілікті сезінбеуі себеп болды. Сол кемшіліктің орнын толтыру мақсатында бір мандаттық округ бойынша өзін өзі ұсыну тәртібімен бағымды сынауға бел будым.

Егер, халық қолдап, депутаттық мандатқа қол жеткізіп жатсам, өзіме қарасты аймақтың түрлі мәселелерін, атап айтқанда, сапалы жол, жеткілікті жарық, тұрақты ауыз су және қоғамдық көліктің қосымша бағыттарын жүргізуге барынша атсалысамын. Жеке тұлға ретінде халықтың талап – тілегі мен жан – айқайын билікке жеткізіп жүргендіктен, мандатқа ие болсам, конституция мен заңды ғана басшылыққа алып, халықпен тығыз байланыста боламын.

Әлеуметтік және құқықтық салаға көңіл бөліп, жұмыссыз жастар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға әкіметтің назарын аударып, қолдау мақсатында тиісті ұсыныстар әзірлеп, депутаттық сауал жолдайтын боламын.

Денсаулық саласы бойынша, Ата заңның 1 – ші бабына сәйкес, «ең басты қазына – адам және адамның өмірі» - демекші, дамыған елдердегідей азаматтардың денсаулығын сақтау мақсатында, жылына бір рет тегін әрі толық медициналық тексерістен өткізуді ұсынатын боламын.

Елімізде түрлі ұлт өкілдерінің бірлігі мен татулығын нығайтып, Қазақстандық патриотизмді көтеру мақсатында, Конституцияның 7 – ші бабының 1- ші бөлігіне сәйкес мемлекеттік тіл қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуді ұсынатын боламын.

*Қымбатты жерлестер!*
*Сіздер өз таңдауларыңызды дұрыс жасайды деп сенемін!*

**Ерғали КӨЛБАЕВ.**

*Шымкент қаласы мәлихатының депутаттығына үміткер А.Пернеева. Шымкент қаласы Аумақтық Сайлау комиссиясының қорынан төленді.*

# НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ - ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

20-22 наурыз күндері I «KAZAGRO/ KAZFOOD TURKISTAN» халықаралық көрме-жәрмеңкесі өтеді. Наурыз мерекесінде өтетін маңызды іс-шараға Түркия, Ресей, Өзбекстан, Венгрия бастаған жалпы 20-ға жуық мемлекеттен делегациялар келіп қатысады деп жоспарланып отыр. Сонымен бірге еліміздің барлық өңірінен ауыл шаруашылығы саласының өкілдері, инвесторлары, тауар өндірушілері қатыспақ. Түркістан облысының әкімі аталған көрме-жәрмеңкені ұйымдастыру жұмыстары бойынша жиын өткізіп, дайындық жұмыстарын пысықтады.

– Түркістан қаласын Түркі әлемінің рухани-мәдени орталығына айналдыру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл көрме-жәрмеңкені жоғары деңгейде ұйымдастыруға күш саламыз. Наурыз мерекесінде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізу мәселесін де қарастырамыз. Ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік салаларын дамытуға бағытталған бастамаларға қолдау көрсетіледі, – деді Дархан Сатыбалды.

25 жылдан бері көрме ұйымдастырумен айналысып келе жатқан маман, «ExpoGroup» компаниясының директоры Шолпан Қожабаеваның айтуынша, ауыл шаруашылығы саласы бойынша кең ауқымды көрмелер Астана және Алматы қалаларында ғана өткізілген. Енді үшінші болып Түркістан ша»арында ұйымдастырылмақ.

– Бірінші халықаралық «KazAgro/KazFood Turkistan» халықаралық көрме-жәрмеңкесін өткізуге Түркістан қаласын таңдауымыздың мәні бар. Біріншіден, Түркістанның тарихы тереңде, ол – Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда орталығы. Тарихи және туристік орындары көп. Екіншіден, Наурыз мерекесін ұйымдастыруға осы аймақта ауа райы өте қолайлы. Қазірдің өзінде алыс-жақын шет мемлекеттер осы көрмеге қызығушылық танытып отыр. Барлық облыстан да делегациялар келеді. Іс-шара аясында ауыл шаруашылығы бойынша шетел инвесторлары мен кәсіпкерлерімен іскерлік кездесулер ұйымдастырылады. Қазақстанның үздік қолөнершілері керамикадан, жүннен, темірден және шыныдан бұйымдар жасау, кілем тоқу бойынша түрлі шеберлік сағаттарын өткізеді. Ұлттық тағамдар мен киімдеріміз жұртшылық назарына ұсынылады. Ауыл шаруашылығы, жылыжай шаруашылығы, ветеринария, сауда, кәсіпкерлік салалары бойынша да түрлі келіссөздер жүргізіліп, ұсыныстар талқыланады. Шетелден және елімізден жүздеген өкілдердің келуі өңірде туризм саласын дамытуға да серпін береді. Себебі өңірдегі тарихи орындар туралы сұрап жатқан шетелдіктер бар, – дейді Шолпан Қожабаева.

Халықаралық көрме аясында Түркістанда өңірлер мен түркі елдерінің қатысуымен іс-шаралар өтеді. Ұлыстың Ұлы күні атап өтіліп, гастрофестиваль, қайықтар және отшашулар шоуы, ұлттық спорт сайыстары, тарихи орындарға саяхаттар ұйымдастырылады. Өнер жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарламалар ұсынылады. Этноқалашықта мазмұнды іс-шаралар өтеді. Агрофорум ұйымдастырылып, шаруа қожалықтарында тәжірибе алмасу ту-ралы да жоспарланған.

Көрмеге әлемнің және көршілес елдердің танымал компаниялары мен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері үздік өнімдерін, техникаларын әкеледі деп күтіліп отыр. Сусындар, шырындар, су, шай, кофе, тағамдық қоспалар, тамақ және сусын өндіруге арналған жабдықтар, тоңазытқыш, сауда және қойма жабдықтары, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары және олардың қосалқы бөлшектері жеткізіледі. Шағын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, фермерлік шаруашылықтар, саяжай учаскелері үшін механикаландыру құралдары. Суару және дренаж жүйелерін жетілдіру, егінді жинау және сақтау жобалары мен құрылғылары, қайта өңдеу өнеркәсібіне арналған жабдықтар, ұн тарту жабдықтары әкелініп, жылыжай шаруашылығы, өсімдік шаруашылығындағы технологияның экологиялық аспектілері, суару және заманауи тұқым шаруашылығы жүйесі де түсіндірілмек. Осы арқылы Түркістан облысының ауыл шаруашылығына инвестиция көлемін ұлғайту, өңірде агро және іскерлік туризмдерін дамыту көзделген.

**Жомарт БЕГІМБЕТ.**

# БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ҚАРЫШТЫ ДАМУЫ



Бүгінгі таңда елімізде төрт ауысыммен оқитын мектептер бар. Ал апатты мектептер жайлы айтпаса да белгілі. Еліміз бойынша мектепке мұқтаж оқушы саны 200 мыңнан асады. Қазіргі демографиялық жағдайды ескере отырып, бұл көрсеткіш 2025 жылға қарай 1 млн-ға жетуі мүмкін деген болжам жасауға болады.

Ал, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында айтылған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бүгінде табысты жүзеге асырылуда. Ұлттық жобаның шарапатын еліміздің үшінші мегаполисі де көруде. Мәселен, кейінгі үш жылда 81 мектептің ашылуы үш ауысымды және орын тығыздығы бар мектептер санын азайтты. Жол картасы аясында тағы да 80 мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр, оның ішінде 38 мыңға жуық оқушыны қамтитын 25 мектеп «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша салынады. Сонымен қатар 30 орта білім беру мекемесіне кешенді жаңарту жүргізіледі.

«Қаламызда демографиялық және миграциялық өсімдерге сәйкес бала саны жыл сайын артуда. Осыған орай, 2029 жылға дейін қуаттылығы 87 950 орындық 80 мектеп құрылысын салу жоспарланған. Сондықтан республикалық бюджетке ұсыныс берілді»,– деді қала әкімі Мұрат Әйтенов ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың Шымкент қаласына жасаған сапары барысында.

Еліміздің бас ұстазының сапарының маңызды тұсы Ғани Бейсембаев пен Мұрат Әйтенов өңірдегі білім беру жүйесін әрі қарай дамыту мен өзекті мәселелерді нақты шешуді көздейтін бірлескен құжатқа қол қоюы болды.

Мегаполис басшысының мәлімдеуінше қала әкімдігі мектепке дейінгі мекемелерде мемлекеттік тапсырыс көлемін 24 200 орынға дейін арттыру, 26 мектепке дейінгі мекемеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік балабақшалардың материалдық-техникалық базасын 100% жаңартуды жоспарлап отыр. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту саласының 7000-нан астам педагогі біліктілігін арттыру курстарынан, ал 1500-ден астам педагог қайта даярлаудан өтеді.

Әсіресе, білім беру мекемелерінде балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге айрықша көңіл бөлінді. Қазір қаладағы мемлекеттік мекемелердің бәрі бейнебақылау, дабыл түймелері, турникеттермен жабдықталған. Жол картасы аясында мектептерге қосымша 2,5 мың бейнебақылау жүйесін сатып алу жоспарланып отыр және балабақшаларда тағы 7000 бейнебақылау жүйесі орнатылады.

«Жол картасын аймақтардың бәріне арнап әзірлеу және қабылдау жөнінде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Шымкент қаласы басшылығы білім беру саласының дамуына айрықша көңіл бөліп отырғаны қуантады. Кешенді жұмыстар алдымызға Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыруға және өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізеді. Жол картасында білім берудің барлық бағыты қамтылған, оның ішінде оқушылардың білім беру жүйесіне қол жеткізе алуын және олардың білім беру процесіне қатысымын арттыру да бар. Шымкентте ПМПК және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері жүйелерін кеңейту жоспарланып отыр, арнайы педагогтер үшін жеті ресурстық орталық ашылады және психологиялық-педагогикалық көмек алу орындары бойынша мемлекеттік тапсырыс сегіз мыңға жуық орынға көбейтіледі», — деді Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Бірқатар іс-шара кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс санын азайтуға, балаларды қорғау бойынша оқу-жаттығу және психологиялық кеңес беруге, сондай-ақ балалардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін дамытуға арналған.

Шымкентте екі Оқушылар сарайы, үш Сауықтыру лагері және алты Өнер мектебі салынады. Жол картасының ауқымды бөлімі білім беру сапасын арттыруды көздейді. «Дана бала», «Shymkent Hub», «Сапалы білім», «Сандық мұғалім» түрлі жоспарлы төрт жобаны іске асыру жоспарланған.

Білім беру сапасын ұлттық және сыртқы бағалау жүйесін ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жұмыстар жалғаса береді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту сапасын бағалау талаптары енгізіледі. Қала мектептері жыл сайын оқушылардың білім алудағы жетістіктеріне мониторинг жүргізу мен «PISA-based Test for Schools» халықаралық зерттеуіне қатысады.

Сонымен қатар Президент тапсырмасына орай, министрлік техникалық және кәсіби ақысыз білім берумен 100% қамту, колледждерде педагог мамандар дайындау бойынша мемлекеттік тапсырысты ұлғайту және кәсіпорындардың сұранысы бойынша мақсатты түрде мамандар әзірлеу жөнінде жұмыстар жүргізіп келеді. Жол картасы іске асырылатын уақыт аралығында Шымкентте төрт өкілеттілік орталығы ашылады және сегіз колледжге жөндеу жасалады. Педагогтердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстары, арнайы оқытушылар мен өндірістік оқу шеберлерінің халықаралық тәжірибеден өтуі, ТжКБ басшылық құрамын менеджмент бойынша оқыту қарастырылған.

Жалпы Жол картасына Шымкент қаласының білім беру жүйесінің барлық бағытын дамыту шаралары енгізілген, олардың іске асырылуы балалардың жан-жақты және толыққанды дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

“Састөбе” инновациялық кешені “ ЖШС “ Түркістан облысының Түлкібас ауданында “Састөбе” инновациялық кешені “ЖШС үшін каустикалық сода, кальций карбиді және поливинилхлорид өндіретін зауыт салу” жобасы бойынша I санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2023 жылы 14 сәуір сағат 14:00-де Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Балықты а.о., балықты а., қ. Айдағараев көшесі, 14-үй мекенжайы бойынша өтеді. Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган - “Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы”ММ Тел: 8725-33-5-98-49. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы, сонымен қатар ресми сайт https://ecoportal.kz/ , https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru, жоба бойынша құжаттама орналастырылған https://ecoportal.kz/ . Жұртшылық өкілдері жоба материалдарымен қағаз түрінде Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 б мекенжайында таныса алады. Тапсырыс беруші деректемелері: “Састөбе “инновациялық кешені” ЖШС Онтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Балықты ауылдық округі, Балықты ауылы, 69-тоқсан, құрылыс 1203, пошта индексі 161302 БСН: 190440025501, sc-lawyer@mail.ru. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және контактілік деректері: “Каз Гранд Эко Проект” ЖШС, тел., 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 б. БСН 111040001588 Банк: “Банк ЦентрКредит” АҚ Банктің БСК: KCJBKZKX. Қосымша ақпарат деректемесі: 8-701-870-0767, qaz_hi@bk.ru

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Инновационный комплекс «Састобе» проводит общественные слушания по материалам для получения Разрешения на воздействие для объекта I категории по Проекту «Строительство завода по производству каустической соды, карбида кальция и поливинилхлорида для ТОО «Инновационный комплекс «Састобе» в Тюлькубасском районе Туркестанской области». Слушания состоятся 14 апреля 2023 года 14:00 по адресу Туркестанская область, Тюлькубасский район, Балыктинский с.о., с.Балыкты, улица К. Айдагараев, Д. 14. Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний– ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» Тел: 8725-33-5-98-49 . Документация по проекту размещена на https://ecoportal.kz/ . Официальный сайт и адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принемаются замечания и предложения https://ecoportal.kz/ так же https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/Contacts?lang=ru. Адрес места, где представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта в бумажном виде –г.Шымкент ул.Байтурсынова 20 б. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО «Инновационный комплекс «Састобе» Онтустик Казахстан, Туркестанская область, Тюлькубасский район, Балыктинский сельский округ, село Балыкты, квартал 69, строение 1203, почтовый индекс 161302 БИН: 19044002550 sc-lawyer@mail.ru. Наименование и кантактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел, 8(775)3245005 город Шымкент ул.Байтурсынова 20 б. БИН 111040001588 Банк: АО «Банк ЦентрКредит» БИК банка: KCJBKZKX. Дополнительную информацию можно получить по: 8-701-870-0767, qaz_hi@bk.ru



# ТУРИСТЕРДІ ТАРТУДЫҢ ТҮРЛІ ЖОЛДАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛУДА

Шымкентте биыл екінші рет «Visit Shymkent» туристік ақпараттық орталығының ұйымдастыруымен ақпараттық-турлар ұйымдастырылады. Іс-шараға қазақстандық және шетелдік туризм индустриясының өкілдерін тарту жоспарланған.

Инфотурлардың негізгі мақсаты – БАҚ өкілдері мен блогерлер, шет елдік қонақтардың көмегімен қаламызды кеңінен насихаттау. «Visit Shymkent» өкілдері мұндай турлар Шымкентке жаңа туристерді тарту, қаланың туристік имиджін арттыру, шетелдік туркомпаниялармен шарт жасасуға мүмкіндік беретінін айтады.

2022 жылы өткен инфотурға жалпы саны 70 адам, оның ішінде: журналистер, тревел-блогерлер, туроператарлар мен шет елдік (Өзбекстан, Қырғызстан, Италия, Ресей Федерациясы және Түркия) серіктестеріміз қатысқан. Нәтижесінде Шымкент қаласы туралы мақалалар Түркия және Италия елдерінің ақпараттық журналдарында жарияланды. Сондай-ақ Шырайлы қалаға Өзбекстан және Қырғызстан елдерінен трансшекаралық маршруттармен саяхаттайтын шетелдік туристер саны артқан.

Турға қатысқан блогерлердің парақшаларындағы бөліскен ақпараттары 1 миллионнан астам қаралым жинаған. Осы жылы бұл көрсеткіштерді 2 есеге арттыру көзделіп отыр.

Қазіргі таңда «Visit Shymkent» орталығының мамандары әуекомпанияның борттық журналдарында Шымкент қаласы туралы мақалалар орналастыруды жоспарлаған. Жауапты сала өкілдері бұл бастама туристік әлеуетті жарнамалап, қаланың оң имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді дейді.

# МЫҚТЫ МАМАН, КІШІПЕЙІЛ ТҰЛҒА, ӘДЕМІ ӘЙЕЛ!



Жаны нәзік болса да ер адамдарға парапар күш-жігері, қажыр-қайраты, ақыл-айласы бойынан табылатын өр мінезді арулар арамызда көптеп табылады. Соның бірі – Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы Қызыл көпір ауылының тумасы бүгінде Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының білікті маманы Әсембекова Раушан Әсілбекқызы.

Мемлекет табысының көзі – салықты сапалы басқара білу басты талап. Демек, салықтық бақылауды жетілдіру арқылы көлеңкелі экономикамен, салықтан жалтарушылықпен және жалған кәсіпкерлікпен күресу жұмыстарын тиімді жүргізуге болады. Осы бағытта Раушан Әсілбекқызының еңбегі ерен. Кейіпкеріміздің еңбек жолына көз жүгірсек. Ол мемлекеттік қызмет саласындағы еңбек өтілін 2003 жылы ОҚО Сайрам ауданында –салық инспекторы лауазымынан бастайды. Кейін келе облыс орталығы Шымкент қаласы бойынша Салық басқармасында, 2009 жылдан Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында жұмыс істеді Ал, 2015 жылдан бүгінгі күнге дейін Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында жемісті еңбек етіп келеді.

Өзіне бекітілген лауазымдық нұсқаулығына сәйкес , басқармадағы бос орындарға өткізілетін конкурстар бойынша керекті іс-шаралар мен кадр жұмысы бойынша есептіліктердің тиісті дәрежеде өткізілуін ұйымдастырып отырады. Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің орталықтандырылған хаттамалық тапсырмаларын мінсіз атқарып отыр. Қоғамдық және кәсіподақ комитетінің жұмыстарында атқарған еңбегі бір төб. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» өзіне жүктелген абыройлы әрі жауапты қызметте сенім биігінен көрініп, толымды табыстарға қол жеткізген Раушан Әсілбекқызының алар асулары алда. Мерекелеріңіз құтты болсын, әріптестер! Мықты маман, кішіпейіл тұлға, әдемі әйел!

**Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы**

# В КАКИХ СЛУЧАЯХ ПРОВОДИТСЯ ПРИНУДИТЕЛЬНОЕ ЛЕЧЕНИЕ БОЛЬНЫХ ТУБЕРКУЛЕЗОМ

Согласно Кодекса Республики Казахстан от 07.07.2020 года в соответствии с пунктом 3 статьи 158 «О здоровье народа и системе здравоохранения» основаниями для принудительного лечения граждан, больных туберкулезом, являются их отказ от лечения, назначенного врачом, а также самовольный уход и нарушение режима лечения в противотуберкулезных организациях и организациях первичной медико-санитарной помощи, зафиксированные в медицинской документации. Принудительное лечение граждан, больных туберкулезом, включает противотуберкулезное и симптоматическое лечение с изоляцией пациентов в специализированных противотуберкулезных организациях. Решение о принудительном лечении граждан, больных туберкулезом и уклоняющихся от лечения принимается судом по представлению организаций здравоохранения. Исполнение решения суда о направлении гражданина, больного туберкулезом, на принудительное лечение возлагается на органы исполнительного производства. Лечение и содержание больных туберкулезом в специализированных противотуберкулезных организациях осуществляется за счет бюджетных средств. Больные туберкулезом, находящиеся на принудительном лечении, пользуются всеми правами граждан РК с ограничениями, связанными с необходимостью соблюдения режима пребывания в специализированной противотуберкулезной организации. За больным туберкулезом, направленным на принудительное лечение, сохраняется место работы и время пребывания засчитывается в общий трудовой стаж. После выписки больные туберкулезом обязаны встать на учет в противотуберкулезную организацию по месту жительства.

**Н.ОМАРОВ,**
*Заведующий паллиативного отделения ОФЦ.*

# КЕНТАУДАҒЫ ЖЭО-НЫҢ ӘБДЕН ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН

Кентау қаласындағы №5 жылу электр орталығында қайта құру жұмыстары жүргізіледі. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен отырыста өңірдегі жылу электр орталықтарының техникалық жай-күйіне талдау жүргізілді.

Алда атқарылар ауқымды жұмыстар бойынша еліміздегі ең ірі зауыт басшыларымен кездескен облыс басшысына жылу желілерін жаңарту бойынша жобалар таныстырылды. Әкім жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктеді. Модернизация барысында ең басты талап – сапа.

Жобада көрсетілгендей, тозығы жеткен жылу электр орталығында магистралдық құбырлар мен 4 насос станциялары жаңарады. Сонымен бірге облыс әкіміне 6 қазандық пен турбогенераторды жаңалау жоспары таныстырылды. Подстанция мен орталықтың ішкі орам жүйелерін қайта құру бойынша жұмыстар баяндалды. Ауқымды жұмыстар бірнеше кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңдегі қайта құру жұмыстары алдағы жылыту маусымына қарсы аяқталуы көздеп отыр.

